Кіріспе. Кедейлік – бұл қазіргі ғаламдық экономика мен қоғам алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі. Кедейлікті жою 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Тұрақты даму саласындағы күн тәртібінде көрсетілген 17 мақсаттың біріншісі болып табылады. Атап айтқанда, ол «дамушы елдерге, әсіресе ең аз дамыған елдерге кедейлікті жоюдың барлық нысандары бойынша бағдарламалар мен стратегияларды жүзеге асыру үшін жеткілікті және болжамды құралдарды ұсыну үшін даму мақсатында ынтымақтастықты жандандыру негізінде әртүрлі көздерден қомақты ресурстарды жұмылдыруды қамтамасыз етуге» шақырады. Ғылыми мақаланың жаңашылығы Қазақстан Республикасында жүргізіліп отырған әлеуметтік-экономикалық жаңғырту жағдайында кедейлік мәселесін оңтайлы шешу жолдары қарастырылады. Мақаланың мақсаты Қазақстандағы кедейлік мәселесін зерттеу және оны еңсеру бойынша жүйелі шаралар ұсыну болып табылады. Мақсатқа қол жеткізу үшін алдымен кедейлік ұғымының қалыптасып даму эволюциясы қарастырылды. Әлем бойынша кедейліктің пайда болу себептері, оның ішінде Қазақстандағы және оның өңірлеріндегі кедейлік көрсеткіштері, кедейлікті төмендету бойынша бірқатар бағым бағыттар анықталды.

Материалдар мен әдістер.

Экономикалық ойдың даму тарихында «кедейшілік» ұғымының анықтамасы да, кедейліктің ұлттық экономикаға әсері туралы пікірлер де өзгеріп отырады. А. Смит кедейшілікті «қажетті заттарды сатып ала алмау» деп анықтады (Dai, et al., 2024). Алайда, А. Смит бірінші қажеттілік заттарын кеңінен түсіндіреді: «қажетті заттар деп мен өмірді қолдау үшін қажет тауарларды ғана емес, сонымен қатар, тіпті ең төменгі деңгейде несиелік қабілеті бар адамдарда болмайтын заттарды да түсінемін». Демек, бұл анықтама кедейлікті абсолютті емес, ұлттық дәстүрлермен байланысты салыстырмалы шама деп түсіндіреді.

П. Самуэлсон кедейлікті басқаша анықтайды: «кедейлік – бұл адамдар жеткіліксіз табыс алатын жағдай». Белгілі оқулықтағы бұл анықтаманың дұрыстығына көптеген экономистер үш себеп бойынша күмән тудырады: біріншіден, кедейлік тек «жағдай» ғана емес, сонымен бірге процесс, өйткені кедейлік жай беріле салмайды, ол үнемі туындап отырады. Екіншіден, «жеткіліксіз» табыс ұғымы күмәнді және жиі қарама-қайшы, өйткені әр

түрлі адамдар үшін барабар табыс әртүрлі болады. Үшіншіден, бұл анықтама кедейлікті тек нарық көлеміне байланысты ақшалай табыс ұғымымен байланыстырады. К.Бродбек айтқандай, кедейлік — бұл ештеңенің болмауы (Alkire, et al., 2023: — 410).

Экономикалық теория өзінің арсеналында байлық туралы іргелі еңбекке ие – А. Смиттің негізгі туындысы «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу», онда автор экономикалық ғылымның объектісі байлық деп санайды.

Осылайша, «кедейлік» термині экономикалық тұрғыдан келесідей анықталады: кедейлік - байлықтың жетіспеушілігі. «Байлық» термині ұлттық шоттарға (жалпы ішкі өнім, ұлттық табыс және т.б.) әртүрлі нысандарда енгізілген кіріске теңестіріледі. Егер байлық экономикалық қызметтің мақсаты болса, онда кедейлікті болжамды немесе табиғи күй ретінде қарастыруға болады. Бұл туралы Ф. Фон Визер былай дейді; «Адамдар елдің табиғи байлығы туралы әңгімелескенді ұнатады, ал табиғи қалыпты жағдай әрқашан кедейлік болып табылады». Кедейлік — бұл табиғи қалыпты жағдай, яғни экономикалық қызмет түрлері бойынша әртүрлі жағдай (Ағайдаров, және т.б., 2024: 150).

Өңірлердегі әлеуметтік теңсіздіктердің бастауларының жиынтығынан халықтың кедейлік мәселелерін шешуді Бримбетова Н.Ж., Сапарбек Н.К., Бекназарова А.Т., т.б. әлеуметтік дамудағы аймақтық айырмашылықтарды реттеуге кешенді көзқарастың негізгі ұстанымы деп қарастырады (Бримбетова, 2022: 110). Қазақстанның аймақтарындағы кедейлік мәселесінің Жанакоева Н.Н., Сутбаева Р.О. және т.б. авторлар ағымдағы жағдайы туралы білімді тереңдетуге мүмкіндік берген халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасының тұжырымдамалық ережелерінің тенденцияларын анықтады (Жанакоева, 2024: 390).

Қазақстандық авторлар Турдалиева Ш.К., Калиева С.А. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік экономикалық өзгерістер жағдайындағы халықтың кедейлік проблемасын зерттеген (Турдалиева, 2024: 10). Пандемия кезінде әлем елдерінің әлеуметтік жағдайларының төмендеуі, әл-ауқат теңсіздігі мен кедейлік шегінің өзгерісіне әсерін Ибрагимова А.А., Макенова Г.У., Тулеубаева М.К. зерттеген (Ибрагимова, 2022: 9). Кедейлік феномені ұзақ уақыт бойы адамзаттың ең өзекті және аз зерттелген мәселесі болып қала берді.

Нәтижелер. Бұл зерттеуде кедейлік мәселесін түбегейлі зерттеу үшін шетелдік және отандық әдебиеттерге жүйелі шолу жүзеге асырылды. Шолу көптеген дереккөздерге, ғылыми зерттеулерге сүйенеді. Мақаланы жазу барысында жүйелілік пен диалектикалық логиканы пайдалану Қазақстанның кедейлік мәселесінің себептері мен төмендету жолдарын кешенді зерттеуге ықпал етті. Ғылыми мақалада негізгі индикатор ретінде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халық үлесінің көрсеткіші пайдаланылды. Бұл ретте әр өңірге тән көрсеткіштер пайдаланылды. Зерттеу тақырыбы өте кең, сондықтан бір мақала аясында халықтың кедейлік мәселелері мен шешу

жолдарын көрсету мүмкін болмайды. Осыған байланысты бұл мәселені әр түрлі аспектілерде одан әрі зерделеу және зерттеу жоспарлануда.

Экономикадағы кедейлік ұғымының көптеген аспектілері бар және оларды әр түрлі тұрғыдан қарастыруға болады. Экономикалық тұрғыда кедейлік адамдардың немесе әлеуметтік топтардың негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін материалдық ресурстардың жетіспеушілігі ретінде анықталады. Экономикалық қажеттілік көбінесе табыстың төмендігімен, тұрақсыз жұмыс орнымен, білімге, денсаулық сақтауға және басқа да әлеуметтік қызметтерге қол жетімділіктің шектеулі болуымен байланысты. Кедейлік ұғымы тек адамдардың материалдық өмір сүру жағдайларымен шектеліп қана қоймайды, сонымен қатар нашар тамақтану және жеке қауіпсіздіктің болмауында да көрініс табады, бұл сайып келгенде ел халқының әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздігін білдіреді.

Халықтың кедейлігі — бұл адамның азық-түлікке, суға, киімге, баспанаға және қажетті қызметтерге қол жетімділікке деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеке тұлғалардың қаражатының жетіспеушілігінен туындайтын өмірдің әлеуметтік-экономикалық құбылысы, бұл адамның өмір сүру сапасына да байланысты. Қазіргі уақытта әлемдегі кедейліктің ең көп таралған және жалпы анықтамасы табысы ұлттық кедейлік шегінен төмен халықтың үлес салмағы болып табылады.

Кедейлікті экономикалық категория ретінде қарастыра отырып, кедейлікті өлшеудің үш тәсілін бөліп көрсету керек.

Кесте 1 - Кедейлікті өлшеу тәсілдері

Тәсілдер	Критерий		
	Тәсілдің мазмұны	Артықшылықтары	Кемшіліктері
Абсолютті	Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен азаматтар кедей деп танылады	1. Есептеу қарапайымдылығы 2. Кедей халыққа көмек көрсету бағдарламаларын реттеуде қолданудың тиімділігі	1. Негізгі қажеттіліктер кедейлердің қалауын білдірмейді. 2. Жеке тұлғаларға қоғам өміріне толық қатысуға мүмкіндік бермейді
Салыстырмалы	Қоғамда жалпы қабылданған өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін ресурстары жеткіліксіз азаматтар кедей болып табылады	Қоғам өміріне араласу дәрежесін ескеретін кедейліктің жоғары стандартын бағалау	Іс жүзінде кедейліктің салыстырмалы шегін сараптамалық немесе халыққа сауалнама жүргізу арқылы тізімін құру жолы анықтау қиын
Субъективті	Субъективті кедейлік анықтамасы респонденттердің материалдық жағдайын бағалауға негізделген	Кедейлерге көмек көрсету бағдарламаларын реттеудің маңызды көрсеткішін білдіреді, өйткені ол халықтың пікірін көрсетеді	1. Респонденттердің іріктеме мөлшері мен құрылымын анықтау мәселелері. 2. Халықтың өз табыстары туралы сұрақтарға жауап беруден бас тартуы
Ескерту: авторлармен құрастырылған			

Ең тарихи ерте қалыптасқан тәсіл - кедейлікті анықтауға абсолютті көзқарас. Бұл тәсіл адамның өмір сүруі үшін қажет тауарлардың ең аз мөлшерін есептейді. Бұл жиынтық биологиялық/физикалық қажеттіліктердің қажеттілігін жынысына, жасына, сондай-ақ еңбек қызметінің қарқындылығы мен ауырлығына қарай бағалау арқылы белгіленеді. Қарастырылып отырған тәсіл Энгельдің екінші заңына негізделген. Энгельдің екінші заңы азық-түлікті тұтыну үлесі отбасындағы табыс деңгейіне байланысты екенін айтады. Бұл заңға сәйкес, отбасындағы табыс деңгейінің жоғарылауы тамақтану шығындарын азайтады және «басқа» шығындарды көбейтеді (Parolin, et al, 2024: 495). Бұл жағдайда кедейлікті жеңудің негізгі басқару шешімі табысы физикалық / биологиялық минимумнан төмен адамдарға төлемдер болып табылады. Сондықтан кедейлік мәселесін шешу мемлекеттің мойнына жүктеледі.

Кедейлік деңгейін өлшеудің салыстырмалы тәсілі соғыстан кейінгі кезеңде пайда болды. Бұл тәсілде тамақ өнімдері, тұрғын үй жағдайлары мен денсаулық сақтау қызметтерін ұсыну шарттары ғана емес, сонымен бірге алынған табыс деңгейіне байланысты адамның моральдық азаптары да қарастырылды. Бұл тәсілмен адам өзін абсолютті тәсілмен толығымен қанағаттандыра алады, бірақ моральдық жағынан олар зардап шегеді, өйткені олардың табысы медианадан төмен. Бұл тұжырымдамада кірісті әлеуметтік әл-ауқатпен салыстыру және орташа кірістердің өсуіне байланысты мезгіл-мезгіл қайта қарау қажет. Бұл тәсілде, егер табысы орташа деңгейден төмен адамдар болса, кедейлік әрқашан болады (Nasir, 2022: 257). Халықтың кедейлігін анықтаудың үшінші тәсілі - субъективті тәсіл. Бұл тәсілде адамдар өздерін кедейлер санатына жатқызады ма, жоқ па, соны бағалайды. Көптеген адамдар өздерінің әл-ауқатына күмәнмен қарайды, өйткені адам табиғатында көп жағдайда өзінде барынан гөрі көбірек иемденгенді ұнатады. Дүниежүзілік банк өз мандаты аясында кедейлік деңгейін тұрақты халықаралық салыстыруды жүргізеді. Бірыңғай жаһандық стандарт бойынша өлшенген елдік, аймақтық және жаһандық кедейлік статистикасы Біріккен Ұлттар Ұйымы, Дүниежүзілік банк және басқа серіктестер қабылдаған даму мақсаттарына қол жеткізудегі прогресті бақылау үшін пайдаланылады.

Сатып алу қабілетінің паритеті бойынша жан басына шаққанда 2017 жылы 2,15 АҚШ долларын құрайтын халықаралық кедейлік шегі бойынша өлшенген кедейлік көрсеткіші Дүниежүзілік Банктің кедейлікте өмір сүретін адамдардың үлесін 2030 жылға қарай 3 пайыздан төмен деңгейге азайту мақсатындағы прогресті бақылау үшін пайдаланылады. Дүниежүзілік Банк кедейлік шегінің басқа екі мәні бойынша бүкіләлемдік және аймақтық кедейлік бағалауларын ұсынады: табысы орташа және төмен елдер үшін жан басына шаққанда күніне 3,65\$ және табысы орташа деңгейден жоғары елдер үшін жан басына шаққанда күніне 6,85\$ (екеуі де 2017 жылғы сатып алу қабілетінің паритеті бойынша).

Кесте 2 - Қазақстан Республикасындағы өмір сүру деңгейі индикаторлары

№	Индикатор	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	қаңтар-қыркүйек 2024
1	Халықтың нақты ақшалай табысы, 2019 жылғы деңгейден % өсім	-	-	-	4,3	8,5	11,0	12,0	15,9
2	Үй шаруашылықтарының азық-түлік тауарларына арналған шығыстары, ақшалай шығыстардың %	46,6	48,5	50,0	53,9	52,8	51,1	51,3	50,0
3	Халықтың ең аз қамтамасыз етілген табыстарының үлесі халықтың 40%, халықтың жалпы табыстарындағы %	22,32	22,34	22,29	22,28	22,30	22,75	22,35	21,89
Ескерту: www.stat.gov.kz мәліметтері негізінде құрастырылған									

Қазақстан Республикасында кедейлік деңгейін ресми бағалау үшін абсолютті кедейлік тұжырымдамасы қабылданды, ол табыс (немесе тұтыну) деңгейінің өмір сүру құралдарының белгіленген минимумына сәйкестігіне негізделген. Бағалау критерийі – бұл ең төменгі күнкөріс деңгейі. Өмір сүру деңгейінің маңызды көрсеткіші - тұтыну себетінің құрамы мен құрылымы. Тұтыну себеті дегеніміз адамның бір жыл ішінде ел аумағында толыққанды өмір сүруі үшін қажетті тауарлар мен қызметтердің минималды жиынтығы. Оған азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, қызметтер кіреді. АҚШ-тың тұтыну қоржынына 300-ге жуық тауарлар мен қызметтер кіреді, ал Қазақстанда 64 позициядан тұратын ең аз азық-түлік қоржыны халықаралық стандарттарға сай келмейді. Бірқатар базалық әлеуметтік төлемдер Қазақстандағы ең төменгі күнкөріс деңгейіне байланысты. Мысалы, күнкөріс деңгейі ең төменгі жалақы деңгейіне, сондай-ақ ең төменгі зейнетақыға әсер етеді. Кедейлік деңгейі (тұтынуға пайдаланылған табысы бар халықтың үлесі ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен) табысы бар халық санының ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың жалпы санына пайызбен қатынасымен айқындалады. Есептеу үй шаруашылығының екінші және кейінгі мүшелеріне бірыңғай коэффициенті 0,8 болатын кірістердің баламалылық шкаласын ескере отырып жүргізіледі. Көрсеткіш 2001 жылдан бастап республика, өңірлер және жер түрі бойынша 12 мың үй шаруашылығын іріктеп тексеру нәтижелері бойынша тоқсан сайын, жыл сайын қалыптастырылады.

2030 жылға дейінгі Тұрақты даму мақсаттарының мониторингі үшін кедейлік деңгейі көрсеткіші республика деңгейінде жынысы бойынша беріледі.

Кесте 3 - Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша кедейлік және теңсіздік көрсеткіштері

Өңірлер	Кедейлік тереңдігі				Кедейлік өткірлігі			
	2020	2021	2022	2023	2020	2021	2022	2023
Қазақстан Республикасы	0,8	0,8	0,8	0,9	0,2	0,2	0,2	0,3
Абай	-	-	0,9	1,9	-	-	0,2	0,7
Ақмола	1,0	1,2	1,2	0,9	0,3	0,4	0,4	0,3
Ақтөбе	0,6	0,6	0,7	0,8	0,1	0,1	0,2	0,2
Алматы	0,6	0,7	0,5	0,7	0,2	0,2	0,1	0,3
Атырау	0,2	0,2	0,3	0,2	0,0	0,0	0,0	0,0
Батыс Қазақстан	0,7	0,7	0,8	0,7	0,1	0,1	0,2	0,1
Жамбыл	0,7	0,5	0,5	0,7	0,1	0,1	0,1	0,2
Жетісу	-	-	0,9	1,2	-	-	0,2	0,4
Қарағанды	0,6	0,5	0,7	0,6	0,2	0,1	0,2	0,2
Қостанай	0,5	0,5	0,6	0,5	0,1	0,1	0,1	0,1
Қызылорда	0,8	0,7	0,5	0,7	0,2	0,2	0,1	0,1
Маңғыстау	1,6	1,6	1,9	1,6	0,6	0,5	0,6	0,5
Оңтүстік Қазақстан	-	-	-	-	-	-	-	-
Павлодар	0,6	0,6	0,6	0,6	0,2	0,1	0,1	0,1
Солтүстік Қазақстан	1,2	0,8	0,9	0,6	0,4	0,2	0,2	0,1
Түркістан	1,6	1,3	1,2	1,4	0,4	0,3	0,2	0,3
Ұлытау	-	-	0,2	1,0	-	-	0,0	0,3
Шығыс Қазақстан	1,1	0,9	1,1	0,7	0,3	0,2	0,4	0,2
Астана қ.	0,2	0,3	0,3	0,5	0,0	0,1	0,1	0,2
Алматы қ.	0,8	1,0	1,0	0,9	0,2	0,3	0,3	0,2
Шымкент қ.	0,7	0,9	1,1	1,4	0,2	0,2	0,3	0,4

Ескерту: www.stat.gov.kz мәліметтері негізінде құрастырылған

Үй шаруашылықтарын іріктеп тексеру қорытындысы бойынша 2024 жылғы І тоқсанда Қазақстан Республикасындағы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар халықтың үлесі 4,6% құрады. Дүниежүзілік банк пен Ұлттық статистика бюросының қолданатын кедейлікті бағалау әдістемесі әртүрлі. Дүниежүзілік банк есебі 2021 жылы кедейлік деңгейін 8,5%, ал Ұлттық статистика бюросы 5,3% құрайды. Кедейліктің тереңдігі (ең төменгі күнкөріс деңгейінен ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен адамдардың табыс (тұтыну) деңгейінің орташа ауытқуы) мен өткірлігі (кедейлер арасындағы теңсіздікті – кедейлердің табыстарын олардың орташа мәнінен тарату дәрежесі) көрсеткіштерінің мәні сәйкесінше 0,6 және 0,2 пайызды құрады (Сауранбай, 2023: 40).

Ұлттық статистика бюросының ақпараты бойынша, 2024 жылғы шілде-қыркүйек айларында табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 5,4% құрады, бұл өз кезегінде 1 миллионнан астам қазақстандық тұрғындарды құрайды. Қазақстандағы кедейлік мәселесі ел өңірлеріндегі халықтың өмір сүру деңгейінде сақталып отырған теңгерімсіздіктермен

ушығып отыр. Кейбір ауылдық өңірлерде кедейлік деңгейі ел бойынша орташа көрсеткіштерден едәуір асып түседі. Бұл халықтың әлеуметтік тұрақтылығына, экономикалық дамуына және өмір сүру сапасына теріс әсер етеді. 2024 жылғы I тоқсанда кедейлік деңгейінің ең жоғары мәні Түркістан облысында (7,9%), ал ең аз деңгейі – Қарағанды облысында (2,4%) және Астана қаласында (2,4%) тіркелді. Үштікке Абай (7%) және Жетісу (7,1%) облыстары кірді. 2025 жылдан бастап табысы өзі тұратын саладағы орташа табыстың 35%-нан аспайтын адам мемлекеттік көмекке үміткер бола алады. Дүниежүзілік банктің баяндамасында Қазақстан Республикасы кедейлік деңгейін 2006 жылдан бастап, ол кезде 49,5% - ға жеткенде, 2021 жылы 8,5% дейін айтарлықтай қысқартуға қол жеткізгені атап өтіледі. Сонымен қатар, кедейлікті азайту динамикасы экономикалық өсу динамикасымен өте тығыз байланысты.

Талқылау. Осылайша, Қазақстан Республикасында кедейліктің төмендеуі үш кезеңде орын алды:

1) 2006-2013 жылдары экономика жылына орта есеппен 7%–ға өскен кезде 49,5% дан 11,1% а дейін жылдам төмендеу;

2) 2013 жылдан 2016 жылға дейін кедейліктің өсуі, әлемдік шикізат нарықтарындағы күйзелістер мен экономикалық құлдырау оның деңгейін 20,2%-ға дейін арттырды;

3) кедейліктің төмендеу қарқынының баяулауы – COVID және экономиканың төмен өсу қарқынының басқа себептері кедейліктің тез төмендеуіне кедергі келтірді, оның деңгейі 2021 жылы 8,5% құрады.

Бұл ретте Банк қала (6,6%) мен ауылдық жер (11,4%) арасындағы, сондай-ақ осы көрсеткіш бойынша Түркістан облысы көш бастап тұрған өңірлер (24%) арасындағы орташа деңгей бойынша терең айырмашылықтың сақталуын атап өтеді. Дүниежүзілік банктің баяндамасында кедейлік профиліне егжей-тегжейлі талдау жүргізеді, бұл халықтың кедейлерге жатқызылуы мүмкін бөлігінің нақты сипаттамасын береді. Абсолютті мағынада барлық популяцияларда кедейлер саны азайғанымен, кедейлік құрылымы соңғы 15 жылда айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Балалар кедейлігінің үлесі айтарлықтай өсті – 2006 жылы 27% - дан 2021 жылы 40% - ға дейін, сондай-ақ үш және одан да көп балалары бар отбасылар (25% - дан 44% - ға дейін). Бұл, ең алдымен, елдегі демографиялық процестерге байланысты, өйткені осы кезеңде туу коэффициенті айтарлықтай өсті.

Жалпы кедейліктің көптеген себептері болады, атап айтқанда:

– экономикалық (жұмыссыздық, жалақының төмендігі, еңбек өнімділігінің төмендігі, саланың шекті диверсификациясы мен бәсекеге қабілетсіздігі);

– әлеуметтік-медициналық (денсаулық саласындағы мәселелер, мүгедектік, кәрілік, сырқаттанушылықтың жоғары деңгейі);

– демографиялық (толық емес отбасылар, отбасындағы асырауындағы адамдардың көп саны);

– білім беру-біліктілік (білім беру саласындағы мәселелер, төмен білім деңгейі, кәсіптік даярлықтың жеткіліксіздігі);

- саяси (әскери қақтығыстар, мәжбүрлі көші – қон);
- өңірлік-географиялық (өңірлердің біркелкі емес дамуы);
- діни-философиялық және психологиялық (аскеза, өмір салты ретінде, заңсыздық) (Нурғалиев, және т.б., 2022: 140).

Кедейліктің адамның өзінің өмірлік ұстанымымен байланысты себептер - жұмыс істегісі келмеу, зиянды тәуелділік, қоғамға жат мінез-құлыққа бейімділік болуы да мүмкін. Еңбек нарығында тұрақты негізде әдетте халықтың осал топтары болып жалғызбасты ата-аналар (негізінен әкесінің қолдауынсыз қалған аналар), орта және жоғары оқу орнын бітіргеннен кейінгі жұмыс тәжірибесі жоқ жастар, әлеуметтік төлемдері ең төменгі күнкөріс деңгейін қамтамасыз етпейтін мүгедектер, бұрынғы қылмыскерлер, мигранттар табылады. Кедейлік мәселелері теңсіздіктің өсуі, жұмыс істейтін кедейлердің өсуі (жалдамалы жұмысшылар арасындағы кедейлік) және өзін-өзі жұмыспен қамтығандар арасындағы кедейлік сияқты мәселелермен күрделене түседі (Kenzhegulova, 2024: 120). Климаттың өзгеруі елдегі тұрақты даму мен кедейліктің төмендеуіне үлкен қауіп болуы мүмкін. Қазақстан жоғары көміртекті сыйымды ел және оның экономикасы негізінен табиғи ресурстар мен ауыл шаруашылығына тәуелді болып келеді, бұл оны климаттық тәуекелдерге ұшыратады. Кедей үй шаруашылықтары әдітте табиғи ресурстар мен аграрлық секторға тәуелді болғандықтан, бұл оларды климаттық апаттарға төзімсіз етеді. Климаттың өзгеруінен туындаған экономикалық күйзелістер, әсіресе ауылдық жерлерде кірістердің жоғалуына және кедейліктің артуына әкелуі мүмкін.

Қазақстан Республикасында кедейлік деңгейінің өсуіне әр түрлі факторлар әсер етуі мүмкін, олардың негізгілері табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен үй шаруашылықтарының көбеюі, яғни көп балалы отбасылардың саны өсті, ал табыс мөлшері сол деңгейде қалды немесе шамалы өсті. Кедейлік деңгейі әсіресе ауылдық жерлерде қалалық деңгеймен салыстырғанда өсті. Халықтың өмір сүру деңгейін көрсететін көрсеткіштердің бірі-орта есеппен жан басына шаққандағы кірістер мен шығыстардың арақатынасы (Khussainova, 2023: 92). Кедейлікті азайту - бұл елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына қарай әлеуметтік адамдардың әл-ауқаты белгілі бір стандарттарға сәйкес үнемі жақсарып отыратын процесс. Бюджеттік интервенциялар — елдегі кедейлікпен күресудің маңызды құралы. Әлеуметтік көмек сияқты тікелей шаралардан басқа, кедейліктің мөлшері мен профилі денсаулық сақтау мен білім беру саласындағы шешімдерден, сондай-ақ осы бағыттарға бөлінген қаражаттан айтарлықтай өзгеруі мүмкін (Gweshengwe, 2020: 179).

Қазақстандағы ең тиімді шаралар зейнетақы, балаларға арналған жәрдемақы және мемлекеттік жәрдемақы болып табылады. Адресі әлеуметтік көмек әсері жоғарыда аталған шараларға бөлінген қаражатпен салыстырғанда бюджеттің аздығына байланысты әлдеқайда төмен әсер етеді. Салық салуға қатысты прогрессивті салықтарға көбірек көңіл бөлу, прогрессивті жеке табыс салығын енгізу және мүлікке салық салу жүйесін жақсарту ұсынылады. Бұл халыққа әлеуметтік төлемдер базасын арттыруы мүмкін. Қазақстандағы экономикалық

дамуды қамтамасыз ету және инклюзивті өсуге қол жеткізу үшін халықтың аз қамтылған топтарын қорғауға, адами капиталды нығайтуға, білім беру сапасын арттыруға және экономикалық және климаттық күйзелістерге төзімділікке қатысты салық-бюджет жүйесінің тиімділігін арттыру жөнінде кешенді шаралар қабылдау қажет болады.

Қазақстан бейімделу шараларынсыз ауыл шаруашылығы секторы 2050 жылға қарай өндірістің 15-20% қысқаруына тап болуы мүмкін. Климаттық тәуекелдерге қатысты Дүниежүзілік банк олардың өзгермелі климаттық жағдайларға төзімділігін арттыру үшін ауыл шаруашылығының тұрақты әдістерін және фермерлерді қолдау бағдарламаларын енгізуді, зиянды заттарды шығаруды азайту және жаңартылатын энергия көздерінің үлесін арттыру бойынша шараларды енгізуді, сондай-ақ апатты сақтандыруды дамытуды ұсынады (Berstembayeva, 2021:102).

Қорытынды. Халықтың лайықты өмір сүру деңгейі мен сапасын қамтамасыз ету әлемнің барлық мемлекеттерінің басым міндеттерінің бірі болып табылады. Осы мақсаттағы негізгі бағыттар білім беру мен денсаулық сақтауға инвестициялар, әлеуметтік қорғау бағдарламалары, шағын және орта бизнесті ынталандыру, инновациялық технологияларды енгізу болуы мүмкін. Кедейлік мәселелерін кешенді шешу және ұзақ мерзімді экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін халықаралық ынтымақтастық пен серіктестікті дамыту маңызды.

Елхалқын және өңірлерді қажетті және қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз ету, оны жүзеге асыру үшін экономиканың аграрлық секторын дамытуға және жетілдіруге көп көңіл бөлу қажет. Халықтың неғұрлым осал топтарын қолдау бойынша түрлі әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу бойынша одан әрі жұмыстану, атап айтқанда тұрғын үймен қамтамасыз ету бағдарламаларының аясын кеңейту, білім беру және медициналық қызметтерге еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету, зейнетақыны, жәрдемақылар мен стипендияларды көбейту, атаулы әлеуметтік көмек, субсидиялар және т.б. ұсынылады. Кедейлікпен күресудің әлемдік тәжірибесінде негізгі фактор тек қаржылық қолдау ғана емес, халықтың өмірін өз бетінше жақсарту үшін жағдай жасау екені белгілі. Халықтың экономикалық белсенді бөлігінің едәуір бөлігі тартылған елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі қозғаушы күші болып табылатын шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі нысаналы бағдарламаларды жүзеге асыру өзекті. Сонымен қатар, бұл тек экономикалық ғана емес, сонымен бірге теңсіздікті азайтуға және барлығына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік реформаларды қажет етеді. Аталған ұсыныстарды Қазақстан Республикасының өңірлік даму ерекшеліктерін ескере отырып, кедейлік деңгейін төмендетуді қамтамасыз етуге негіз бола алады.

Әдебиеттер

- Dai L., Guo Y. (2024) The problem and countermeasures of the failure of the rural social security system to reduce poverty. *Discover Sustainability*. — №5:54. — P. 98-121. (қапай күні 01.03.2025)
- Alkire, S., Kövesdi, F., Scheja, E. et al. (2023) Moderate Multidimensional Poverty Index: Paving the Way Out of Poverty. *Social Indicators Research*, 168. — P. 409-445. (қапай күні 02.03.2025)

Агайдаров Азамат, Дэвид Стивен Найт и Наташа Шарма (2024) Доклад об экономике Казахстана: Формирование будущего: Реформы для длительного процветания. Доклад об экономике Казахстана. Вашингтон, федеральный округ Колумбия: Всемирный банк. — 198 б. (қарау күні 11.03.2025)

Бримбетова Н.Ж., Сапарбек Н.К., Бекназарова А.Т., Букейханова А.Т. (2022) Бедность населения и региональные различия в социальном развитии Казахстана. Вестник университета Туран. - №3(95). - 108-121 бб. (қарау күні 11.03.2025)

Жанакова Н.Н., Сутбаева Р.О., Кусаинова А.Б. (2024) Анализ бедности в регионах Казахстана. Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан. — Vol. 410. — No.4. — P. 385-399. (қарау күні 11.03.2025)

Турдалина Ш.К., Калиев С.А. (2024) Исследование проблемы бедности населения в условиях социально-экономических преобразований в республике Казахстан. Sustainable development Forum. — С. 8-14. (қарау күні 13.03.2025)

Ибрагимов А.А., Макенова Г.У., Тулеубаева М.К. (2022) Пандемияның жаһандық кедейлік деңгейінің өзгеруіне әсері. Central Asian Economic Review. — (5). — Б. 6-16. (қарау күні 13.03.2025)

Parolin Z., Pintro-Schmitt R., Esping-Andersen G. et al. (2024) Intergenerational persistence of poverty in five high-income countries. *Nature Human Behaviour*. — №40 (3). — P. 493-511. (қарау күні 13.03.2025)

Nasir J. The Challenge of Poverty (2023) Development Challenges of Pakistan. Palgrave Macmillan. — P. 257-281. (қарау күні 13.03.2025)

Сауранбай С.Б., Байдыбекова С.К., Османов Ж.Д. (2023) Уровень жизни населения: экономические и социальные индикаторы развития. Экономика: стратегия и практика. — Т. 18, № 2. — С. 37-56. (қарау күні 15.03.2025)

Нурғалиев С., Кайдарова С., Мухамеджанова А. (2022) Анализ занятости и безработицы на рынке труда Республики Казахстан. Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли. — No.4(49). — 133-144 бб. (қарау күні 15.03.2025)

Kenzhegulova G., Jussibaliyeva A., & Mussabalina D. (2024). The Role of Economic Investments in Mitigating Poverty Across Urban and Rural Kazakhstan. *Eurasian Journal of Economic and Business Studies*. — 68(1). — 114-130 бб. (қарау күні 17.03.2025)

Khussainova Zh., Gazizova M., Abauova G., Zhartay Zh., Raikhanova G. (2023). Problems of generating productive employment in the youth labor market as a dominant risk reduction factor for the NEET youth segment in Kazakhstan, *Economics*. — 11(4). — 89-97 бб. (қарау күні 17.03.2025)

Gweshengwe B., & Hassan N. H. (2020). Defining the characteristics of poverty and their implications for poverty analysis. *Cogent Social Sciences*. — 6(1). — 176-189 бб. (қарау күні 17.03.2025)

Berstembayeva R., Sh. Niyazbekova, G. Kaldenova (2021). Evaluation of Poverty and Measures to Reduce It. *Lecture Notes in Networks and Systems*. — P. 99-106. (қарау күні 17.03.2025)

References

Dai L., Guo Y. (2024) The problem and countermeasures of the failure of the rural social security system to reduce poverty. *Discover Sustainability*. — №5:54. — P. 98-121. (accessed: 01.03.2025) (in English)

Alkire S., Kövesdi F., Scheja E. et al. (2023) Moderate Multidimensional Poverty Index: Paving the Way Out of Poverty. *Social Indicators Research*. — 168. — P. 409-445. (accessed: 02.03.2025) (in English)

Agajdarov Azamat, Djevid Stiven Najt i Natasha Sharma (2024) Doklad ob jekonomike Kazahstana: Formirovanie budushhego: Reformy dlja dlitel'nogo procvetaniya [Report on the economy of Kazakhstan: Shaping the Future: Reforms for lasting Prosperity]. Doklad ob jekonomike Kazahstana. Vashington, federal'nyj okrug Kolumbija: Vsemirnyj bank. — 198 p. (accessed: 11.03.2025) (in Russian)

Brimbetova N.Zh., Saparbek N.K., Beknazarova A.T., Bukejhanova A.T. (2022) Bednost' naselenija i regional'nye razlichija v social'nom razvitii Kazahstana. Vestnik universiteta Turan [Poverty of the

population and regional differences in the social development of Kazakhstan]. Bulletin of the University of Turan. — №3(95). — P. 108-121. (accessed: 11.03.2025) (in Russian)

Zhanakova N.N., Sutbaeva R.O., Kucainova A.B. (2024) Analiz bednosti v regionah Kazahstana. Vestnik Nacional'noj akademii nauk Respubliki Kazahstan [Analysis of poverty in the regions of Kazakhstan. Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan]. — Vol. 410, No.4. — P. 385-399. (accessed: 11.03.2025) (in Russian)

Turdalina Sh.K., Kaliev S.A. (2024) Issledovanie problemy bednosti naselenija v uslovijah social'no-jekonomicheskikh preobrazovanij v respublike Kazahstan [Research of the problem of population poverty in the context of socio-economic transformations in the Republic of Kazakhstan]. Sustainable development Forum. P. 8-14. (accessed: 13.03.2025) (in Russian)

Ibragimova A.A., Makenova G.U., Tuleubaeva M.K. (2022) Pandemiyanın zhahandyk kedejlik deńgejiniń ózgeruine әseri [Impact of the pandemic on changes in global poverty rates]. Central Asian Economic Review. — (5):6-16 p. (accessed: 11.03.2025) (in Russian)

Parolin Z., Pintro-Schmitt R., Esping-Andersen G. et al. (2024) Intergenerational persistence of poverty in five high-income countries. Nature Human Behaviour, — №40 (3). — P. 493–511. (accessed: 13.03.2025) (in English)

Nasir J. The Challenge of Poverty (2023) Development Challenges of Pakistan. Palgrave Macmillan. — P. 257-281. (accessed: 13.03.2025) (in English)

Sauranbaj S.B., Bajdybekova S.K., Osmanov Zh.D. (2023) Uroven' zhizni naselenija: jekonomicheskie i social'nye indikatory razvitija. Jekonomika: strategija i praktika [Standard of living of the population: economic and social indicators of development. Economics: strategy and practice]. — T. 18, № 2. — P. 37-56. (accessed: 15.03.2025) (in Russian)

Nurgaliev S., Kajdarova S., Muhamedzhanova A. (2022) Analiz zanjatosti i bezraboticy na rynke truda Respubliki Kazahstan. Vestnik Kazahskogo universiteta jekonomiki, finansov i mezhdunarodnoj trgovli [Analysis of employment and unemployment in the labor market of the Republic of Kazakhstan. Bulletin of the Kazakh University of Economics, Finance and International Trade]. — No. 4(49). — P. 133-144. (accessed: 15.03.2025) (in Russian)

Kenzhegulova, G., Jussibaliyeva, A., & Mussabalina, D. (2024). The Role of Economic Investments in Mitigating Poverty Across Urban and Rural Kazakhstan. Eurasian Journal of Economic and Business Studies. - 68(1). — P. 114–130. (accessed: 17.03.2025) (in English)

Khussainova Zh., Gazizova M., Abauova G., Zhartay Zh., Raikhanova G. (2023). Problems of generating productive employment in the youth labor market as a dominant risk reduction factor for the NEET youth segment in Kazakhstan, Economics. — 11(4). — P. 89-97. (accessed: 17.03.2025) (in English)

Gweshengwe B., & Hassan N.H. (2020). Defining the characteristics of poverty and their implications for poverty analysis. Cogent Social Sciences. — 6(1). — P. 176-189. (accessed: 17.03.2025) (in English)

Berstembayeva R., Sh. Niyazbekova, G. Kaldenova (2021). Evaluation of Poverty and Measures to Reduce It. Lecture Notes in Networks and Systems. — P. 99-106. (accessed: 17.03.2025) (in English)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Директор отдела издания научных журналов НАН РК *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Ж.Ш. Әден*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадыранова*

Подписано в печать 20.06.2025.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф.

46,0 п.л. Тираж 300. Заказ 3.